

Павлодар облысы әкімдігінің  
2017 жылғы «28» қарашадағы  
№ 384/6 қаулысымен  
бекітілді

«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтік регламенті

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметтік (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Павлодар облысының жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметтік көрсетудің нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметтік көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік қызметтік көрсету нәтижесі – Білім беру ұйымдарындағы техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 397 бұйрығымен бекітілген «Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10 - тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметтік көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметтік көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз жүзінде.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметтік көрсету процесінде көрсетілетін қызметтік берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметтік көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін Стандарттың 9 - тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қоса көрсетілетін қызметтік алушының өтініші негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетеу процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындалу ұзақтығы мен реттілігі, оның ішінде рәсімдердің (іс-қимылдың) өту кезеңі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, көшірмелерді құжаттардың түпнұсқаларымен салыстырады, түпнұсқаларды көрсетілетін қызмет алушыға қайтарады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға береді - 30 (отыз) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9 - тармағында қарастырылған тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынғанда көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және жауапты орындаушыны анықтайды - 2 (екі) жұмыс күні;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы хабарлама немесе Стандарттың 10 – тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуды ресімдейді және көрсетілетін қызмет берушінің басшысына қарауға және қол қоюға жібереді - 4 (төрт) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсетеу нәтижесін қарайды және қол қояды - 2 (екі) жұмыс күні;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін тіркейді және оны көрсетілетін қызметті алушыға береді - 30 (отыз) минут.

6. Мемлекеттік қызметті көрсетеу рәсімінің (іс-қимылдың) нәтижесі - білім беру ұйымдарындағы техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттар қабылдау немесе Стандарттың 10 - тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсетеу процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы


рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау осы регламенттің қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік көрсетелетін қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсыңа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

«Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсыңа құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процессерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

	мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
	рәсімнің (іс-қимылдың) атауы;
→	келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.